

Дәріс № 11. Зауыт құрылысының құны

Дәріс жоспары:

1. Смета құрастыру
2. Жобалау тапсырмасының құрамы және оларды орындау реті
3. Зауыт құрылысының құны

Зауыт құрылысының құнын анықтау үшін техникалық жоба орындау барысында смета құрастырылады. Құрылыс жұмыстары мен қондырғыны сатып алу және оны монтаждау жұмыстарына смета жеке жеке құрастырылады. Смета құрастыру үшін алдымен жұмыс көлемі анықталады содан соң оны сәйкес құнына көбейтеді. Құрылыс жұмыстарының құнын анықтау үшін әртүрлі өнеркәсіп саласына әртүрлі құрылыс шығындары кетеді, ол шамамен құрылысқа кеткен жалпы шығынның 17-19% құрайды.

қондырғыны сатып алу және оны монтаждау жұмыстарына смета құрастыру үшін машиналар мен аппараттардың саны мен түрі көрсетілген спецификацияны, қондырғының бағасы және оны монтаждау құны жазылған шотты қолданады. Жалпы қондырғы бағасының 2% - қосымша қор құнын, 1% - ыдыс және қамтама үшін, 5% - көлік шығыны үшін, 1,2% - дайындау қоймалық шығындар үшін есептейді.

Жиынтық смета келесі бөлімдерден тұрады:

1. Құрылыс аумағын дайындау
2. Негізгі өндірістік мақсаттағы объектілер
3. Қосымша, өндірістік және қызмет көрсету мақсатындағы объектілер
4. Энергетикалық шаруашылық объектілері
5. Көлік шаруашылығы және байланыс объектілері
6. Су құбыры, кәріз, жылумен қамту, газдандырудың сыртқы объектілері
7. Өнеркәсіп алаңын абаттандыру(благоустройство)
8. Уақытша ғимараттар мен құрылыстар
9. Басқада жұмыстар мен шығындар

Мекеме _____

ЖИЫНТЫҚ СМЕТА

құрылыс үшін _____

(құрылыс атауы)

жиынтық смета сомасы _____ мың теңге

№	Смета №	Бөлім, объекті, жұмыстар мен шығындар атауы	Смета бағасы, мың теңге				Жалпы смета құны, мың теңге
			Құрылыс жұмыстары	Монтаждау жұмыстары	Қондырғы, құрылыс, өндірістік ыдыстар	Басқа да шығындар	

Жобалау ұйымының директоры _____
(қолы)

Жобаның бас инженері _____
(қолы)

Бөлім бастығы _____
(қолы)

Келісілді:

Салынып жатқан(әрекеттегі) кәсіпорын директоры _____
(қолы)

№1- кесте. Шыны ыдыс қажеттілігі

№	Өнімнің түрлері	Банка номері	Бағдарлама, мшб	Шыны ыдысқа қажеттілік		Тасымалдау шығыны		Барлығы, дана
				мшб	барлығы	%	барлығы	
1	Сүйекті шиенәрсуы	I- 83-1000	2500	400	1000000	5	50000	1050000

№2-кесте. Негізгі шикізаттардың толық өзіндік құны

шикізат	Шикізатты да-йындау жоспары,кг	Сатып алу бағасы, тг	Барлық құны, мың тг	Операциялық шығыны, м тг		Жалпы деңгей шығыны, м тг		Толық өзіндік құны, мың теңге	
				1т,тг	барл	1т, тг	барл	1т	барлығы
Шиенәрсуы	3035	150	455,25	100	303,5	70	212,45	320	971,2

№3-кесте. Қосымша материалдың өзіндік құны

Қосымша материал	Жылына қажетті мөлшері, кг	Бағасы, тг	Сауда жеңілдігі		Тиеу түсіру шығыны, тг	Автокөлік шығыны, тг	Барлық шығын құны, тг	Өзіндік құн, мың теңге
			%	тг				
Қант	2100	200	10	20	100	200	520	1092

Бақылау сұрақтары:

1. Зауыт сметасы қалай құрастырылады?
2. Жобалау тапсырмасы қандай шарттардан тұрады?
3. Тапсырманы орындау ретін ата
4. Зауыт құрылысының құны қалай анықталады?